

"Кідірітілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиееу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірітілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 248 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 20 тамыздағы № 453 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 25 тамызда № 36683 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кідірітілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиееу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірітілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 248 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16529 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Кідірітілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиееу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірітілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі
КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 20 тамыздағы
№ 453 Бұйрыққа қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 248 бұйрығымен
бекітілген

Кідірітілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірітілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кідірітілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірітілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ

оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 453-бабы 5-тармағына, 455-бабының 6-тармағына, 456-бабының 2, 3 және 4-тармағына және 457-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және :

кідірітілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою;

оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиееу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірітілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу;

кідірітілген тауарларды өткізуден алынған сомаларды қайтару тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер - арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған лицензия негізінде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыспен қамтылған жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

2) кідірітілген тауарлар – Кодекстің 52-тарауына сәйкес мемлекеттік кірістер органдары кідірткен тауарлар;

3) кідірітілген тауарларға арналған құжаттар – Кодекстің 52-тарауында көзделген, мемлекеттік кірістер органдары кідірткен тауарлардың құжаттары (коммерциялық, көліктік, кедендік және басқалар);

4) кідірітілген тауарлардың иесі – декларант, ал егер тауарлардың кедендік декларациялануы жүзеге асырылмаса – тауардың меншік иесі, ал егер меншік иесі шетелдік тұлға болса не тауардың меншік иесі туралы мәліметтер мемлекеттік кірістер органында болмаса, – кідірту кезінде тауарлар иелігінде болған тұлға;

5) тез бұзылуға ұшырайтын тауарлар (бұдан әрі – тез бұзылатын тауарлар) – "Кедендік операцияларды бірінші кезекте жасау тәртібі қолданылатын тез бұзылуға ұшырайтын тауарлар санаттарының тізбесін бекіту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 17 қазандағы № 160 шешімімен белгіленген тізбе бойынша кедендік операцияларды бірінші кезекте жасау тәртібі қолданылатын тез бұзылуға ұшырайтын тауарлар;

6) уәкілетті заңды тұлға – Кодекстің 3-бабы 1-тармағының 56) тармақшасына сәйкес айқындалған заңды тұлға.

3. Осы Қағидаларға сәйкес кідірітілген тауарларға қатысты өткізу және өзге де пайдалану немесе жою жүргізіліп жатса олар кедендік декларациялауға және кедендік рәсімге орналастыруға жатпайды.

4. Тауарлардың кідіртуін жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органы оларға қатысты өткізу, пайдалану және жою бойынша қабылданып жатқан шараларды көрсете отырып, кідірітілген тауарлардың есепке алуын жүргізеді. Есепке алу мынадай мәліметтер:

мемлекеттік кірістер органының атауы;

сақтау орнының атауы;

тауарлар мен оларға арналған құжаттарды кідірту туралы хаттаманың күні мен нөмірі;

Кодекстің 453-бабының 1-тармағына сәйкес кідірту себебі;

меншік иесі туралы (заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) деректер;

кідірілген тауарлар туралы (атауы, салмағы, саны қосымша сипаттамасы) деректер; тауарларды өткізу, пайдалану не жою туралы ақпарат;

өткізумен, пайдаланумен не жоюмен байланысты есептен алу күні бойынша жүзеге асырылады.

5. Кодекстің 456-бабына сәйкес талап етілмейтін кідірілген тауарларды өткізу, пайдалану немесе жою, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген шығыстарды өтеу туралы шешімдердің қабылдауын тауарларды өткізу, пайдалану, жою, сондай-ақ оларды сақтау бойынша шығындарды өтеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады.

6. Комиссия мемлекеттік кірістер органы басшының немесе оның алмастыратын адамның бұйрығы негізінде құрылады.

7. Комиссия өз қызметін мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе оның алмастыратын адам бекіткен ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комиссия құрамына құзыретіне сыныптау, тауарлардың кедендік құнын айқындау, кедендік баждар мен салықтардың сомасын есептеу, уақытша сақтау қоймаларының қызметін бақылау кіретін мемлекеттік кірістер органының, заң, қаржылық қызмет және қажеттілігі бойынша басқа да құрылымдық бөлімшелердің лауазымды адамы кіреді.

8. Комиссия қабылдаған шешім осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кідірілген тауарларға қатысты шаралар қабылдау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

9. Кодекстің 454-бабында белгіленген мерзімдерде кідірілген тауарлар мен оларға арналған құжаттар сақталады.

Тауарлардың кідіруін жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органы кідірілген тауарларды сақтау мерзімі аяқталған күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын кідірілген тауарлардың иесіне сақталу мерзімінің аяқталуы туралы хабардар етеді, ал тез бұзылатын тауарларға қатысты сақтау мерзімі кідірілген (тез бұзылатын тауарлар) сәттен бастап 24 сағаттан аспайды – тауарлар кідірткен күн.

Хабарлама еркін нысанда хабарламасы бар тапсырыс хатпен, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органында мұндай ақпарат болған кезде телекоммуникациялар желісін, интернетті пайдалана отырып, электрондық хат (хабарлама) арқылы жүзеге асырылады.

10. Кідірітілген тауардың иелері Кодекстің 454-бабында белгіленген сақтау мерзімі ішінде талап етпеген кезде, көрсетілген сақтау мерзімі өткен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Комиссияның отырысы өткізіледі.

Тез бұзылатын тауарлар бойынша Комиссия отырысы оларды кідірткен күні өткізіледі.

2-тарау. Кідірітілген тауарларды өткізу және пайдалану тәртібі

11. Кідірітілген тауарларды өткізуге жолдау және пайдалану туралы шешім қабылдау кезінде Комиссия мынадай өлшемшарттарды:

- 1) өндіруші көрсеткен, тауарлардың жарамдылық (пайдалану) мерзімін;
- 2) өндіруші көрсеткен, сақтау шарттарының сақталуын;
- 3) бастапқы қаптаманың бар болуы және бүтіндігін;

4) тұтынушыға арналған ақпарат түрінде ұсынылған тауардың құрамын (жиынтықтылығы) (этикеткалар, заттаңбалар, жапсырма қағаздар, паспорт, формуляр, нұсқаулар, қолдану жөніндегі нұсқаулықтар) басшылыққа алады.

12. Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) Кеден кодексі туралы шартты қоса алғанда, ЕАЭО шеңберінде ЕАЭО-ның кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарына, ЕАЭО-ның үшінші тараппен халықаралық шарттарға және ЕАЭО-ның құқығын құрайтын актілерге, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Қазақстан Республикасының кеден заңнамаларына сәйкес ЕАЭО кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған, сондай-ақ осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмейтін тауарлар өткізуге және пайдалануға жолдауға жатпайды.

13. Өткізуге жолдау және пайдалану өлшемшарттарына сәйкес келмейтін, сондай-ақ ЕАЭО кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған тауарлар осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес жоюға жатады.

14. Кідірітілген тауарларды өткізуге жолдау туралы шешемді қабылдаған кезде Комиссия мемлекеттік кірістер органының тиісті бөлімшелеріне "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасын және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін бекіту туралы, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің кейбір шешімдерін өзгерту және күші жойылды деп тану туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешіміне сәйкес тауарлардың кодын, кедендік құнын айқындауды және кідірітілген тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастыру кезінде төлеуге жататын кедендік баждардың және салықтардың сомасын есептеуді тапсырады.

15. Комиссияның кідірітілген тауарларды өткізуге жолдау туралы хаттамасы негізінде мемлекеттік кірістер органы Комиссия отырысының хаттамасы ресімделген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде www.gosreestr.kz "Борышкерлердің мүлкін сату

бойынша деректер базасы" (бұдан әрі – Деректер базасы) электрондық ақпараттық ресурсына:

мемлекеттік кірістер органының кідірілген тауарларды өткізуге жолдау туралы жазбаша өтінішінің;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кідірілген тауарлар туралы мәліметтердің;

"Кедендік құжаттардың нысандары туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 260 шешімімен бекітілген нысан бойынша тауарлар және оларға арналған құжаттарды кідірту хаттамасының;

кідірілген тауарларға қатысы бар мемлекеттік кірістер органының қарауындағы техникалық құжаттардың, фото және бейне материалдарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, кідірілген тауарлар және олардың иелері туралы (жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы және орналасқан жері, банк деректемелері) мәліметтерді енгізеді.

16. Кідірілген тауарлардың иесі туралы мәліметтер болмаған жағдайда, сондай-ақ кідірілген тауарлардың иесі Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Деректер базасына кідірілген тауарларды өткізуге жолдауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органдары туралы мәліметтер енгізіледі.

17. Деректер базасына енгізілген, кідірілген тауарлар туралы ақпарат бағалау қызметіндегі субъектілердің оларға баға беру үшін негіз болып табылады.

Бағалау Деректер базасына ақпарат енгізілген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, ал тез бұзылатын тауарлар бойынша – күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде жүргізіледі.

Мемлекеттік кірістер органы бағалауды жүргізу үшін бағалау қызметінің субъектілеріне кідірілген тауарларға қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

18. Уәкілетті заңды тұлға тауарларды бағалау нәтижелерін дайындау күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тауардың бағалау құнын Деректер базасына енгізеді не мемлекеттік кірістер органдарына тәуелсіз бағалау компаниялардың себептерді көрсете отырып бағалауды жүргізудің мүмкін еместігі туралы жазбаша хабарламасын жолдайды.

19. Кідірілген тауарларды іске асыруды уәкілетті заңды тұлға "Салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге қойған мүлікті, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін – салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегі есебіне өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 111 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16387 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 111 бұйрық) сәйкес жүзеге асырады.

20. Тез бұзылатын тауарлардың өткізілуін уәкілетті заңды тұлға сауда қызметінің субъектілері арқылы комиссияның басталуында, электронды аукционды жүргізбестен жүзеге асырады. Тез бұзылатын тауарларды өткізудің мерзімдері мен шарттары, сондай-ақ тараптардың жауапкершілігі Комиссия уәкілетті заңды тұлғамен және сауда қызметінің субъектісімен жасаған шартта айқындалады.

Тез бұзылатын тауарларды өткізуден түскен каражат өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сауда қызметі субъектілеріне уәкілетті заңды тұлғаның банк шотына аударылады.

Тез бұзылатын тауарларды сату кезінде сауда қызметі субъектісі Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мемлекеттік статистика органдары қалыптастыратын азық-түлік тауарларына орташа бөлшек сауда бағасының деңгейі туралы ресми статистикалық ақпаратты пайдаланады.

21. Тез бұзылатын тауарларды сауда қызметі субъектісіне сатуға беру осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тез бұзылатын тауарларды сауда қызметі субъектісіне қабылдау-беру актісімен жүргізіледі.

22. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген КО ТР 018/2011 "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентіне (бұдан әрі – Техникалық регламент) сәйкес келмейтін көлік құралдары, қосалқы бөлшектер ретінде пайдалануымен өткізуге жатады.

23. Кідірітілген тауарлардың өткізілуін уәкілетті заңды тұлға мемлекеттік кірістер органдары Деректер базасына кідірітілген тауарлар туралы мәліметті енгізген күннен бастап екі ай мерзімде жүзеге асырады.

24. Кідірітілген тауарларды өткізу бойынша уәкілетті заңды тұлға жүргізген жұмыстардың нәтижелері туралы ақпарат Деректер базасында көрсетіледі.

25. Уәкілетті заңды тұлға өткізген кідірітілген тауарларға қатысты мәміле сатып алу-сату шартына қол қою арқылы электрондық аукцион қорытындысы туралы хаттаманың негізінде тауар иесі мен сатып алушының арасында жасалады.

26. Кідірітілген тауарлардың иесіне сатып алу-сату шартына қол қою қажеттілігі туралы хабарламаны мемлекеттік кірістер органдары электрондық аукцион қорытындысы туралы хаттаманы Деректер базасында қалыптастыру күнінен бастап күнтізбелік 1 (бір) күннің ішінде, оның ішінде ақпараттық технологиялар арқылы жолдайды.

Хабарлама еркін нысанда хабарламасы бар тапсырыс хатпен, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органында мұндай ақпарат болған кезде телекоммуникациялар желісін, интернетті пайдалана отырып, электрондық хат (хабарлама) арқылы жүзеге асырылады.

27. Кідірітілген тауарларды сатып алу-сату шартына кідірітілген тауарлардың иесі қол қоядан бас тартқан не хабарлама жолданған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті)

күннің ішінде иесі келмеген кезде, кідірітілген тауарларды сатып алу-сату шартына сатушының атынан мемлекеттік кірістер органының өкілі қол қояды.

28. Сатып алу-сату шартына, Комиссия шартына қол қойған күннен бастап, тауарларды кейіннен сақтау және тасымалдауға байланысты шығыстарды сатып алушы өтейді.

29. Осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес бағалаудан өтпеген, сондай-ақ осы Қағидалардың 23-тармағында белгіленген мерзімде уәкілетті заңды тұлға өткізе алмаған және одан әрі пайдалану үшін жарамды тауарлар Комиссияның шешімі бойынша баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асыратын ұйымдарға, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға), балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге не арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектілерге өтеусіз беріледі.

30. Мәдениет саласындағы уәкілетті органның қорытындысына сәйкес тарихи, ғылыми, көркем немесе өзге мәдени құндылықтарға жатқызылған тауарлар мемлекеттік мұражайларға өтеусіз беріледі.

31. Мемлекеттік кірістер органы кідірітілген тауарларды өтеусіз беру мақсатында жергілікті атқарушы органға осы Қағидалардың 29 және 30-тармағында көрсетілген ұйымдарды айқындау туралы өтінішті жолдайды.

32. Мемлекеттік кірістер органы ұйымдарға кідірітілген тауарлардың өтеусіз берілуін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды өтеусіз беру актісіне қол қою жолымен жүргізеді.

33. Өтеусіз берілетін кідірітілген тауарларды, оларды сақтау орындарынан әкетуді алушы дербес жүзеге асырады. Осындай әкетумен байланысты шығыстарды тауарды алушы көтереді.

34. Комиссияның шешімі бойынша пайдалану үшін жарамды, уәкілетті заңды тұлға өткізе алмаған, сондай-ақ осы Қағидалардың 31-тармағында айқындалған ұйымдарда талап етілмеген тауарлар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 242-бабына сәйкес мемлекет меншігіне айналдыруға жатады.

3-тарау. Кідірітілген тауарларды жою тәртібі

35. Өткізуге және одан әрі пайдалану үшін жарамсыз, сондай-ақ ЕАЭО кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған тауарлар Комиссияның шешімі негізінде жоюға жатады.

36. Кідірітілген тауарларды жоюды тауарлардың тиісті санаттарын жинауды, көмуді, залалсыздандыруды, жоюды немесе кәдеге жаратуды жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындар жүзеге асырады.

Кідірітілген тауарларды жою тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою мүмкіндігі туралы шешім қабылдау құзыретіне кіретін уәкілетті органдардың қорытындысы болған кезде жүргізіледі.

Тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою мүмкіндігі туралы шешім қабылдау құзыретіне кіретін уәкілетті органдардың қорытынды беруі "Тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою мүмкіндігі туралы шешім қабылдау құзыретіне кіретін уәкілетті органдардың қорытынды беру қағидалары бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 31 шілдедегі № 504 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34864 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

37. Іс жүзінде тауарларды жою қорытынды алынған күннен бастап бір ай мерзімде жүргізіледі.

Іс жүзінде тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою Комиссияның, сондай-ақ тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою мүмкіндігі туралы шешім қабылдау құзыретіне кіретін уәкілетті органдар өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

38. Жоюдың ерекше жағдайларын талап ететін қауіпті тауарларды жоюды "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті лицензиялары бар ұйымдар жүзеге асырады.

39. Адамның өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктерге, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін жою "Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Дәрілік құралдарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы жою "Жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, жалған және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндітін атқарушының 2020 жылғы 27 қазандағы № ҚР ДСМ-155/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21533 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

41. Іс жүзінде тауарларды жою аяқталғаннан кейін, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кідірітілген тауарларды жою туралы акт (бұдан әрі – Жою туралы акт) жасалады.

Жою туралы акт Комиссияның барлық мүшелерінің және қатысушы тұлғалардың қолымен куәландырылады және үш данада ресімделеді:

- 1) бір данасы тауарларды кідірткен мемлекеттік кірістер органында сақталады;
- 2) екінші дана тауарларды жоюға қатысқан уәкілетті мемлекеттік органдардың өкіліне беріледі;
- 3) үшінші дана, кідірітілген тауарлардың иесіне (ол болған жағдайда) беріледі.

42. Тауарларды жою фактісі фото және (немесе) бейне түсірілімдер қолданыла отырып тіркеледі, оның нәтижесі мемлекеттік кірістер органында сақталатын Жою туралы актіге қоса тіркеледі.

43. Техникалық регламентке сәйкес келмейтін және қосалқы бөлшектер ретінде одан әрі пайдалануға келмейтін көлік құралдары, сондай-ақ жабдықтар, механизмдер, кара және түсті метал бұйымдары, химиялық, қағаз өнеркәсібінің өнімдері, өткізуге және пайдалануға жарамсыз тау-кен өндіру өнеркәсібінің шикізат тауарлары, тауарлардың аталған санаттарын жинауды, сақтауды, кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындарға кәдеге жаратуға немесе қайта өңдеуге беруге жатады.

44. Мемлекеттік кірістер органдары осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген тауарларды мамандандырылған кәсіпорындарға беруді осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды кәдеге жаратуға (қайта өңдеуге) қабылдап алу-беру актісі бойынша жүзеге асырады.

45. Өтеусіз негізде кәдеге жаратуға және қайта өңдеуге кідірітілген тауарларды беруден алынған қаржы қаражаты республикалық бюджетке аударуға жатады.

46. Кідірітілген тауарларды өтеусіз беру, жою, кідірітілген тауарларды кәдеге жаратуға (қайта өңдеуге) қабылдап алу-беру актілерін тіркеу осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кідірітілген тауарларды өтеусіз беру актілерін, жою актілерін, кәдеге жаратуға (қайта өңдеуге) қабылдап алу-беру актілерін тіркеу журналында өтпелі тәртіппен жүзеге асырылады.

4-тарау. Кідірітілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, өткізуге дайындауға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу тәртібі

47. Төлеуге жататын кедендік төлемдерді, салықтарды аудару, кідірітілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, өткізуге дайындауға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу уәкілетті заңды тұлғаның банктік есеп-шотынан осындай әрекеттерді жасағанын растайтын құжаттарды мемлекеттік кірістер органына жолдай отырып жүргізіледі.

48. Уәкілетті заңды тұлға кідірітілген тауарларды өткізуден алынған ақша құралдары түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шығыстарды өтеуді мынадай кезекте жүргізеді:

бірінші кезекте мемлекеттік кірістер органы ұсынған деректемелер бойынша осы сомаларды республикалық бюджетке аударумен осы тауарларды кідірткен күнге кідірітілген тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне орналастыру кезінде төленуге жататын кедендік әкелу баждар, салықтар мөлшерінде есептелген сома өтеледі;

екінші кезекте тең үлесте осындай ұйым ұсынған деректемелер бойынша кідірітілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстар, өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстар, бірақ сатып алу-сату шартына, комиссия шартына қол қою күніне есептелген сомадан артық емес ұйымның шығыстары, оның ішінде, № 111 бұйрықпен белгілінген мөлшердегі уәкілетті заңды тұлғаның сыйақысы өтеледі.

49. Уәкілетті заңды тұлға ақша құралдарын аударған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органына осы Қағидалардың 48-тармағында көзделген әрекеттерді орындау туралы жазбаша хабарлама жолдайды.

50. Кідірітілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды, оның ішінде оларды өзге де пайдалану не жою кезінде өтелмеген шығыстарды кідірітілген тауарлардың иесі өтейді, ал ол жоқ болған жағдайда, егер тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

5-тарау. Кідірітілген тауарларды өткізуден алынған сомаларды қайтару тәртібі

51. Кідірітілген тауарларды өткізуден алынған сомаларды қайтару уәкілетті заңды тұлғаның банктік есеп-шотынан осындай әрекеттерді жасағанын растайтын құжаттарды мемлекеттік кірістер органына жолдай отырып жүргізіледі.

52. Мемлекеттік кірістер органы кідірітілген тауарларды өткізуден алынған қалдық сома бар болған жағдайда, осы Қағидалардың 49-тармағында көрсетілген хабарламаны алған күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде, кідірітілген тауарлардың иесіне кідірітілген тауарларды өткізуден алынған, оған тиесілі соманың бар екендігі туралы жазбаша хабарлайды.

53. Кідірітілген тауарлардың иесінен Кодекстің 457-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімде жауап алғаннан кейін мемлекеттік кірістер органы уәкілетті заңды тұлғаға кідірітілген тауарларды өткізуден қалған сомаларды кідірітілген тауарлардың иесіне қайтаруды жүзеге асыру қажеттілігі туралы тапсырманы жолдайды .

54. Тапсырманы алғаннан кейін уәкілетті заңды тұлға 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде кідірітілген тауарлардың иесіне мемлекеттік кірістер органы ұсынған деректемелер бойынша кідірітілген тауарларды өткізуден қалған сомаларды қайтаруды жүзеге асырады және 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік кірістер органына жүргізілген аударулар туралы хабарлайды.

55. Кодекстің 457-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімнің өтуі бойынша кідірітілген тауарлардың иесі туралы мәліметтер болмаған кезде, уәкілетті заңды тұлға мемлекеттік кірістер органы ұсынған деректемелер бойынша талап етілмеген ақша

құралдарының сомасын республикалық бюджетке аударады. Уәкілетті заңды тұлға республикалық бюджетке ақша құралдарын аудару жүргізген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органына жүргізілген аудару туралы ақпаратты жолдайды.

56. Мемлекеттік кірістер органы кідірітілген тауарларды өткізуді жүргізу қорытындысы бойынша аударылған ақша құралдарының сомалары бойынша уәкілетті заңды тұлғамен салыстыруды жүргізеді.

Кідірітілген тауарларды
өткізу, пайдалану және жою,
оларды тасымалдау (тасу),
қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау
бойынша шығыстарды,
кідірітілген тауарларды өткізуге
дайындалуға және өткізумен
байланысты өзге де шығыстарды
өтеу, сондай-ақ оларды
өткізуден алынған сомаларды
қайтару қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кідірітілген тауарларға қатысты шаралар қабылдау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

20__ жылғы " __ " _____

(жасалған күні) (жасалған орны)

Тауарларды өткізу, пайдалану, жою, сондай-ақ оларды сақтау бойынша шығындарды өтеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрамында:

1. _____
2. _____
3. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

Комиссия отырысының күн тәртібі:

- 1) _____
- 2) _____

Ұсынылған құжаттарды қарап, Комиссия:

_____ шешті
(комиссия қабылдаған шешім)

Қабылдалған шешімге сәйкес

_____ тапсырылсын
(Комиссия қабылдаған шешімді іске асыру бойынша іс-шаралар)

Комиссия мүшелері:

1. _____
2. _____
3. _____

(адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, қолы)

Төраға _____

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, қолы)

Хатшы _____

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, қолы)

Кідірітілген тауарларды
өткізу, пайдалану және жою,
оларды тасымалдау (тасу),
қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау
бойынша шығыстарды,
кідірітілген тауарларды өткізуге
дайындалуға және өткізумен
байланысты өзге де шығыстарды
өтеу, сондай-ақ оларды
өткізуден алынған сомаларды
қайтару қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Тауарларды кідірткен мемлекеттік кірістер органының атауы _____

Кідірітілген тауарлардың сақтау орны _____

Кідірітілген тауарлар туралы мәліметтер

Р/с №	Кідірту хаттамасының нөмірі мен күні	Тауардың атауы, олардың сипаттамасы	Саны
1	2	3	4

(кестенің жалғасы)

Тауарлардың кедендік құны, теңгемен	Кідірітілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау үшін шығындар құны, теңгемен	Республикалық бюджетке төлеуге жататын кедендік баждардың, салықтардың мөлшері (кірістерді бюджеттік жіктеу кодының деректемелері), теңгемен
5	6	7

Мемлекеттік кірістер органының өкілі _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

20 ____ жылғы " ____ " _____

Кідірітілген тауарларды
өткізу, пайдалану және жою,
оларды тасымалдау (тасу),
қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау
бойынша шығыстарды,

кідірітілген тауарларды өткізуге
дайындалуға және өткізумен
байланысты өзге де шығыстарды
өтеу, сондай-ақ оларды
өткізуден алынған сомаларды
қайтару қағидаларына
3-қосымша
Нысан

№ _____ тез бұзылатын тауарларды сауда қызметі субъектісіне қабылдау-беру актісі

20 ____ жылғы " ____ " _____

(жасалған күні) (жасалған жері)

Уәкілетті заңды тұлғаның өкілі _____

(тез бұзылатын тауарларды сатуға уәкілетті тұлғаның

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

Уәкілетті заңды тұлға және сауда қызметі субъектісі жасаған комиссия шартының
негізінде

(Комиссия шартының нөмірі мен күні)

(сауда қызметі субъектісінің атауы, тауарлардың қабылдауын жүзеге асырған

ұйым өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))
мынадай тауарларды берді:

№	Тауардың атауы	Саны
1	2	3

Осы акт _____ данада жасалды.

Берді:

1. _____

2. _____

(тауарды берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),
лауазымы, қолы)

Қабылдады:

1. _____

2. _____

(тауарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),
лауазымы, қолы)

Кідірітілген тауарларды

өткізу, пайдалану және жою,
оларды тасымалдау (тасу),
қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау
бойынша шығыстарды,
кідірілген тауарларды өткізуге
дайындалуға және өткізумен
байланысты өзге де шығыстарды
өтеу, сондай-ақ оларды
өткізуден алынған сомаларды
қайтару қағидаларына
4-қосымша
Нысан

№ _____ тауарларды өтеусіз беру актісі

20 ____ жылғы " ____ " _____

(жасалған күні) (жасалған орны)

Мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы (адамдар) _____

(Тауарларды өткізу, пайдалану, жою, сондай-ақ оларды сақтау бойынша
шығындарды

өтеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) тауарларды
өтеусіз

беруге уәкілеттік берген лауазымды адамның

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

Комиссияның шешімі негізінде

(Комиссия отырысы хаттамасының нөмірі мен күні)

(Ұйымның атауы, тауарлардың қабылдауын жүзеге асырған ұйым өкілдерінің

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

мынадай тауарларды берді:

№	Тауардың атауы	Саны
1	2	3

Осы акт _____ данада жасалды.

Берді:

1. _____

2. _____

(тауарды берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы,
қолы)

Қабылдады:

1. _____
2. _____

(тауарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),
лауазымы, қолы)

Кідірітілген тауарларды
өткізу, пайдалану және жою,
оларды тасымалдау (тасу),
қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау
бойынша шығыстарды,
кідірітілген тауарларды өткізуге
дайындалуға және өткізумен
байланысты өзге де шығыстарды
өтеу, сондай-ақ оларды
өткізуден алынған сомаларды
қайтару қағидаларына
5-қосымша
Нысан

№ _____ кідірітілген тауарларды жою туралы акт

20__ жылғы " __ " _____

(жасалған күні) (жасалған орны)

Ұйым _____

(жоюды жүзеге асырған ұйымның атауы)

_____ (жоюды жүзеге асырған ұйым адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда
, лауазымы)

Мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамдарының _____

_____ қатысумен

(Тауарларды өткізу, пайдалану, жою, сондай-ақ оларды сақтау бойынша
шығындарды

өтеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) тауар жоюға
уәкілеттік берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

_____ (тауарды жойған кезде қатысатын өзге адамдарды, оның ішінде кідірітілген
тауарлардың иесін көрсету)

_____ қатысумен

Комиссияның шешімі негізінде _____

(Комиссия отырысы хаттамасының нөмірі және күні)

Мынадай:

№	Тауардың атауы	Саны

1	2	3
---	---	---

20__ жылғы "____" _____ № ____ тауарларды және оларға құжаттарды кідірту

хаттамасы бойынша кідірілген тауарларды жойды.

Кідірілген тауарлар _____

аумағында _____

(жоюды жүргізген ұйымның атауы және жою орны)

(жою тәсілдері)

_____ жолымен жойылды

Осы акт _____ данада жасалды.

Қатысқандар:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

(жою кезінде қатысқан адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, қолы)

Кідірілген тауарларды
өткізу, пайдалану және жою,
оларды тасымалдау (тасу),
қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау
бойынша шығыстарды,
кідірілген тауарларды өткізуге
дайындалуға және өткізумен
байланысты өзге де шығыстарды
өтеу, сондай-ақ оларды
өткізуден алынған сомаларды
қайтару қағидаларына
6-қосымша
Нысан

№ ____ тауарларды кәдеге жаратуға (қайта өңдеуге) қабылдап алу-беру актісі

20__ жылғы "____" _____

(жасалған күні) (жасалған орны)

Мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы (адамдар) _____

(Тауарларды _____

өткізу, пайдалану, жою, сондай-ақ оларды сақтау бойынша шығындарды өтеу

мәселелерін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) тауарларды кәдеге

жаратуға (қайта өңдеуге) тапсыруға уәкілеттік берген адамның тегі, аты, әкесінің

аты

(ол болған жағдайда), лауазымы)

Комиссияның шешімі негізінде _____

(Комиссия отырысы хаттамасының нөмірі және күні)

(тауарлардың қабылдауын және (немесе) қайта өңдеуін жүзеге асыратын кәсіпорынның атауы,

тауарлардың қабылдауын жүзеге асырған кәсіпорын өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

мынадай тауарларды тапсырды:

№	Тауардың атауы	Саны
1	2	3

Осы акт _____ данада жасалды.

Тапсырды:

1. _____

2. _____

(тауарды тапсырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, қолы)

Қабылдады:

1. _____

2. _____

(тауарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, қолы)

Кідірілген тауарларды
өткізу, пайдалану және жою,
оларды тасымалдау (тасу),
қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау
бойынша шығыстарды,
кідірілген тауарларды өткізуге
дайындалуға және өткізумен
байланысты өзге де шығыстарды
өтеу, сондай-ақ оларды
өткізуден алынған сомаларды
қайтару қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Кідірілген тауарларды өтеусіз беру актілерін, жою актілерін, кәдеге жаратуға (қайта өңдеуге) қабылдап алу-беру актілерін тіркеу журналы

			Кідірілген тауарларды беруді жүзеге асырған лауазымды	Тауарлар берілген	(
--	--	--	---	-------------------	---

№	Актінің күні	Актінің түрі	адамның (жою жүргізілген кезде қатысқан лауазым адамның) тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)	жоюды жүзеге асырған ұйымның) ұйымның атауы	Актінің тіркеуін жүзеге асырған лауазымды адамның қолы
1	2	3	4	5	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК